

## Сарайшық ауылының шекарасын белгілеу туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 494 шешімі және Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 313 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 қаңтарда № 4875 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Махамбет аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Махамбет аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Жалпы ауданы 486,73 гектар, ұзындығы 11250,39 метр болып Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі Сарайшық ауылының шекарасы осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын қадағалау Махамбет ауданы әкімінің орынбасарына (З. Мұқаш) және Махамбет ауданы мәслихатының заңдылықты сақтау, экономика және бюджет, қаржы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Рахметов) жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Махамбет ауданының әкімі  
сессия төрағасы  
мәслихат хатшысы*

*Ж. Ахметов  
Б. Рахметов  
М. Мырзашев*

Махамбет аудандық әкімдігі 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 313 мен Махамбет аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 494 бірлескен аудандық әкімдіктің қаулысы мен аудандық мәслихаттың шешіміне қосымша

**Махамбет ауданы Сарайшық ауылдық округі Сарайшық ауылының әкімшілік шекарасының жоспары**



Жалпы ауданы 486,73 гектар, ұзындығы 11250,39 метр.  
Шартты белгілері:

 Сарайшық ауылының шекарасы

*Аудан әкімі*  
*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ж. Ахметов*  
*М. Мырзашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК